

FTAXP: 03.20.00.

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

<https://orcid.org/0009-0006-3947-5566>

Қабыл А.Ә.*, Сарыпбекова А.Т.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Автор-корреспондент:** Algabek-kabyl@mail.ru

Түйін: Музей мекемесін танымдық көзқараста шығармашылық ізденіс пен ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғаса мәдени-ағарту орталығы деп қарастырамыз. Музей коммуникациясының білімдік аспектілерін зерттейтін ғылым ретінде «музей педагогикасы» түсінігі жаңа ой-таным мазмұнымен толығуда. Бұл жердегі басты мақсат – білім және тәрбие беру негізінде жас буын өкілдерін музей мәдениеті арқылы жеке тұлғадағы шығармашылық мүмкіндіктерінің белсенділігін арттыру. Өмірлік жолды таңдауда және қоршаған ортаны танып-білуде жеке тұлғаның үйлесімділігіне себеп болатын өнер атаулының көркемдік түйсігі негізінде жаңа дүниетанымды қалыптастырады. Осы тұрғыда экскурсияны музейлік-педагогикалық процестің негізгі формасы ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге экскурсия жастарды тәрбиелеу және оқытудағы кешенді тәсілде маңызды орынға ие және оқытудың бір түрі ретінде педагогикалық жүйе ретінде ұсынылады. Адамның қалыптасуындағы бос уақытын тиімді пайдалану үрдісінде экскурсияның тәрбиелік маңызы үлкен.

Кілт сөздер: экскурсия, музей, мектеп-гимназия, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар, музейтану, экспозиция, педагогикалық жүйе, жеке тұлға, дидактика, аспект.

МРНТИ: 03.20.00.

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

<https://orcid.org/0009-0006-3947-5566>

Қабыл А.Ә.*, Сарыпбекова А.Т.

старший преподаватель, ЮКИУ им.М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

старший преподаватель, ЮКИУ им.М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЭКСКУРСИОННОЙ РАБОТЫ

***Автор-корреспондент:** Algabek-kabyl@mail.ru

Аннотация: Мы рассматриваем музейное учреждение как культурно-просветительский центр, где творческий поиск и научные исследования осуществляются с образовательной точки зрения. Понятие «музейная педагогика» как наука, изучающая образовательные аспекты музейной коммуникации, обогащается новым интеллектуальным содержанием. Основная цель – повышение творческого потенциала подрастающего поколения через музейную культуру, основанную на образовании и воспитании. Экскурсионная работа формирует новое мировоззрение, основанное на художественной интуиции художника, что способствует гармонии личности в выборе жизненного пути и познании окружающего мира. В этом контексте экскурсию можно рассматривать как основную форму музейно-педагогического процесса. При этом экскурсия занимает важное место в комплексном подходе к воспитанию и образованию молодежи и представлена как педагогическая система, как вид обучения. Экскурсии имеют большое воспитательное значение в процессе эффективного использования свободного времени в формировании личности.

Ключевые слова: экскурсия, музей, школа-гимназия, практико-экспериментальная работа, музееведение, экспозиция, педагогическая система, личность, дидактика, аспект.

IRSTI: 03.20.00.

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

<https://orcid.org/0009-0006-3947-5566>

Kabyl A.A.*, Sarypbekova A.T.

senior lector, M. Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

senior lector, M. Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

PEDAGOGICAL FEATURES OF EXCURSION WORK

***Correspondent author:** Algabek-kabyl@mail.ru

Abstract: We view a museum institution as a cultural and educational center, where creative search and scientific research are carried out from an educational point of view. The concept of “museum pedagogy” as a science that studies the educational aspects of museum communication is enriched with new intellectual content. The main goal is to enhance the creative potential of the younger generation through museum culture based on education and upbringing. Excursion work forms a new worldview based on the artistic intuition of the artist, which contributes to the harmony of the individual in choosing a life path and understanding the world around him. In this context, the excursion can be considered as the main form of the museum-pedagogical process. At the same time, the excursion occupies an important place in the comprehensive approach to the upbringing and education of youth and is presented as a pedagogical system, as a type of training. Excursions have great educational value in the process of effective use of free time in the formation of personality.

Keywords: excursion, museum, school-gymnasium, practical-experimental work, museology, exposition, pedagogical system, personality, didactics, aspect.

Кіріспе

Музей - мәдени-ағарту мекемесі ғана емес, біліммен бірге тәрбие беретін педагогикалық орталық. Қазіргі кезде музейдің барлық санаттағы келуші көрермендері үшін мәдени білім беру орталығына айналғанын дәлелдейтін жаңа білім тұжырымдамасы құрастырылуда. Музейдің Отандық білім беру тұжырымдамасы, ең алдымен байланыс жасау түрлерінің дамуында орын алатын, яғни келуші көрерменді әріптес, сұхбаттас ретінде қабылдайтын орынның мәдени-білім беру әрекетіндегі барлық мазмұндағы қатаң идеологиялық ұстанымдарынан басқа тәрбие ісінің бағыттарына бейімдейді. Сонымен қатар, соңғы онжылдықтарда ізгілік, адамгершілік мәселелері ерекше даму алып, мәдениеттің адам өміріндегі игілікті қызметін дәлелдеп, жаңа білім беру тұжырымдамасы мен оның іске асырылуында орын тапты деп айтуға болады. Отандық және шетелдің тәжірибе дәлелдеріне сүйенсек, қоғамның мәдени-білім беру жүйелеріне ерекше үлесті дәл осы музей орталықтары қосады.

Қазіргі кезде педагогикалық мақсатта орындалатын қызметтің негізгі міндеттері білім беру ұйымдарында жеке тұлғаның жалпы адамзаттың құндылықтары, азаматтық идеяның қалыптасуына және еркін дамуына бағытталған кешенді тәрбие бағдарламасын әрі қарай жүзеге асыру, дәстүрлі және қазіргі тәрбие технологияларын музей саласымен ұштастыра дамыту, жеке тұлғаның психологиялық ерекшелігін жүйелілік есебін, қабілеті мен қызығушылығын тану әдісін пайдалану негізінде білім және тәрбие жұмыстарының формалары мен мазмұнын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы әлемдік тәжірибеде көрермендерге музей жұмысының спецификасын білдіру үшін «білімдік қызмет» және «педагогикалық қызмет» сөз ұғымдары қолданылады. Білімдік қызмет ұғымы кең мағынада педагогикалық тапсырма, социомәдениет контексті шешімдері ретінде де белгілі. Бұл білімдік қызметтің ғылыми-әдістемелік негізі болып табылады. Отандық музейлерде сонымен бірге «ағартушылық» термині де қолданылады. (Кеңестік кезеңде «үгіт-насихат» синонимі). Егер тарихи тұрғыда оның пайдалануына назар аударсақ, «ағартушылық» термині 1784 жылы Ф. Вольтер мен И. Гердердің ғылыми-философиялық

зерттеулерінде кездеседі. Иммануил Кант оны «тарихи дәуірдегі адамзаттың дамуына қажеттілік» ретінде қарастырады. Г. Гегель «ағартушылықты» ғасырда мәдени және рухани өмірдегі рационалдық қозғалыс деп баға берді. Музейдің білімдік қызметі музей ескерткіші негізінде көрнекілік құралдар, әртүрлі мәтіндер, аудио, бейне және компьютерлік техникалардың көмегімен белгілі бір ұйымдастырушылық формалармен (жекелік, топтық, ұжымдық) өткізілетін педагогикалық процесс арқылы жүзеге асады. Бұл жерде музей оқытушылары, бір жағынан, психологиялық- педагогикалық ілім негіздерін және педагогикалық тәжірибені игеру қажет, екінші тараптан музейдің экспозиция мен кешендері туралы кәсіби түсінігі болуы тиіс, сонымен қатар, экскурсиялық және көпшілік жұмыстардың түрлерін білуі міндетті. К.Д. Ушинский педагогиканы ғылым емес, ең күрделі де зор түрдегі өнер [1] деп санады. М. Жұмабаев та өз еңбегінде «бала тәрбиясы - бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.» деп атап көрсетеді [2,7].

Отандық музейтанушы зерттеушілер Р. Ильясова, Г.Ш. Файзуллина, М.З. Мусаханованың музей қызметіндегі білімдік-тәрбие мен мәдени-ағарту аясындағы ғылыми еңбектерінен басқа А. Кайназарова 1831-1925 жж. Қазақстандағы музей ісі туралы [3], А. Ибраева 1920-1940 жж. Қазақстандағы мұражай жүйесінің қалыптасуы [4], С. Тайман 1946-1970 жж. Қазақстандағы мұражай ісінің даму тәжірибелері және проблемалары [5] және Б. Санақұлова 1991-2004 жж. Қазақстан Республикасындағы музейлік құрылыс және оның қызметі [6] өз еңбектерінде ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту жұмыстары мен мамандар мәселесі туралы баяндайды. Дегенмен музейлік педагогика бағытында қазіргі заман талабына сай мұралық құндылықтарымызды экспозициялық негізде және коммуникациялық тұрғыдан көрсете пайдалануды ғылыми-педагогикалық аспектіде қарастырудың маңызы зор.

Теориялық талдау

Жас буын өкілдерінің, оның ішінде мектеп оқушысының жан-дүниесіне көбірек назар аударып, оны жетік білуге және сол арқылы тәрбиелік тұрғыда ықпал ету мүмкіндігін арттыруда сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін жұмыстардың рөлі өте үлкен [7, 157]. Экскурсия – музей орталығындағы көпшілік жұмыстың негізгі формасы ретінде негізінен экспозициялармен жалпы таныстыру түрінде кейде тақырыптық болып өткізіледі, соның ішінде ғылыми негізділген экскурсиялар ерекше орын алады. Бұл бір жағынан музей экспозициясын көрсету жүйесін жандандыру және толық зерттеуден тұратын ғылыми-педагогикалық еңбектің бір түрі деп айтуға болады. Мысал ретінде Ресейдегі музейлік педагогиканың жақсы дамығанын музейге келушілермен жұмыс жасау тәжірибелері [8, 62], келуші көрермендердің қызығушылығын арттыратын музей педагогының қызметі [9, 33] мен өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастырған [10, 82] зерттеу еңбектерден көруге болады.

Барлық музей педагогтары сияқты экскурсия жүргізушілері тарих ғылымына, сондай-ақ тарихи даму теориясына маңызды көңіл бөліп, музейтану проблемалары туралы және педагогика, психология сияқты ғылыми салалар негіздерін толықтай меңгеруі міндетті. Музейге келушілер қойылған экспонаттарға тек қарап қана қоймай, олардың мән-мағынасын толық түсіне білуі үшін экскурсия жүргізушісі тақырыптарға байланысты талдау жасай білуі қажет. Талдау жасау арқылы келермен көрушінің экспозиция жинақтарының маңызын түсіне білуін, олардың маңызды ерекшеліктері мен өзара байланыстарын болжауға болады. Осындай тұжырымдарға қарай отырып музей кеңістігі шәкірттердің зейіні мен білімін нақтылай түседі, ал экспозицияға көңіл аудару таным дәрежесінде көрнекілік және эмоционалды түрде әсер етеді. Сондықтан экскурсия жас буын өкілдеріне пайдалы, қызықты, ақпаратты тез қабылдау дәрежесін беретін білім және тәрбие беру процесінің арнайы түрдегі қызметі деп санауға болады. Сонымен бірге адамның

қалыптасуындағы бос уақытын тиімді пайдалану үрдісінде экскурсияның тәрбиелік маңызы зор.

Экскурсия педагогикалық жүйе ретінде ұсынылады, оқушыларды тәрбиелеу және оқытудағы кешенді тәсілде маңызды орынға ие және оқытудың бір түрі ретінде қолданылады. Кез келген педагогикалық жүйеде секілді экскурсияға екі жақ қатысады: оқытушы - экскурсия жүргізушісі және оқушылар - экскурсанттар. Жүргізуші тақырыпқа сәйкес белгілі білім береді, экскурсанттар қабылдайды. Экскурсия ғылымилық принципін, оқудың өмірмен байланысына, жоғары ақпараттылыққа негізделеді, адам қызығушылықтарын қалыптастыруға бағытталады.

Экскурсия жүйесінде келесі әдістерді қолданады:

1. Ауызша әдістер - бұл материалды ауызша мазмұндау, сұқбат, жазбаша қайнарды түсіндіру, қайталау және мазмұнын айту, дәйектемелеу. Жүргізуші әңгімесі экскурсанттардың байқауларын жүйелеп, олардың назарын зерттелетін объектінің түрлі жақтарына аударады, санасын белсендіріп, керекті нәтижелерді жасауға септігін тигізеді. Ауызша әдіс үлкен сыныптағы оқушылармен экскурсия жасауда аса маңызды, себебі олардың ауызша қисындық жады жақсы дамыған.

2. Экскурсияның маңызды бөлігін құрайтын көрнекілік әдістері. Олар зерттелетін пәндерді көрсетумен, объектілерді байқаумен ұсынылады. Көрнекілік жеке заттарды көрсетуге негізделген. Мұны экспозициялық стенд, заттық және бейнелеу қатарлары, жеке витриналар көмегімен іске асыруға болады, дәл осы музей бейнесін ерекше мәдени тарихи орталық ретінде ұсынады. Көрнекілік әдісі төменгі сыныптағы оқушылармен экскурсия жасауда маңызды, себебі олардың көруіндегі бейнелеу жадысы аса жақсы дамыған болады.

3. Экскурсия сабағының дидактикалық аспектілері оқушылардың сана сезімдеріне әсер етіп, оларға тарихи жағдайлар сараптамасына өз көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізетін, тұлғаның адамгершілік жағынан тұрақтануына әсер ететін, жалпы дүниетанымын дамытатын, керекті мамандықты таңдауға көмек беретін адамгершілік мысалды келтіруге болады.

Экскурсия сабағы біріктірілген дидактикалық мақсатқа жауап береді:

- білім аспектісі өзіне теориялық және нақты білімді енгізеді. Сонымен бірге мұнда көрнекі тәсілдер қолданса да, бұл оқыту түрі жай сабақпен салыстырғанда, аса тиімді болып табылады.

- дамытушылық аспект. Экскурсияға көрнекілік тәсілдер аса маңызды келеді, себебі экспозициялық стендтер, пәндік, бейнелеу қатарлары тр.б. қолданады. Осылайша, экскурсия барысында ауызша сөйлеу, өйсын ой, жад, танымдық қызығушылық, көңіл күй дамиды.

- тәрбиелік аспект. Дәл осы экскурсиялар жасөспірім ұрпақта өзінің Отанға, еліне, қаласына деген сүйіспеншілікті, тарихи мұраға деген жауапкершілікке және әсемдікке деген сезімге тәрбиелейтінін атап өту керек.

Жалпы экскурсияны оқыту түріне жатқызуға болады ма? Осыған байланысты оқыту түрлері туралы ұғымға түсінік беріп өтейік. Оқыту түрі – бұл оқу-танымдық қызметтерді вариативті үлестірумен, уақыттық және кеңістік тәртібімен, сонымен бірге оқыту кезеңдерінің бірізділік үйлесімен сипатталатын оқытушы және оқушының оқуда өзара әрекет ету жүйесінде құрылатын мақсатты бағытталған қатынас. Осылайша, оқыту түрлерінің белгілері бұл – оқытушы және оқушының оқуда өзара әрекет ету жүйесі, оқу танымдық қызметтерді үйлестіру, уақыт және кеңістік аясындағы тәртіп, оқыту кезеңдерінің бірізділік үйлесімі. Дәстүрлі мектепте барлық бұл белгілер толығымен сақталады.

Шымкент қаласындағы Н. Оңдасынов атындағы № 38 мектеп-гимназиясы, Ы. Алтынсарин атындағы № 65 гуманитарлық-эстетикалық гимназия мектебі, Қ. Сыпатаев атындағы №7 техникалық мектеп-лицейі, Т. Тәжібаев атындағы № 47 тарихи-гуманитарлық

гимназия-мектептерінің оқушыларымен тарихи-өлкетану музейінің базасында өткізілген педагогикалық-эксперименттік жұмыс барысында байқау әдісі қолданылды. Біз 7-8 сыныптардан музей жұмысына белсенді қатысушылық ынта және қызығушылық білдірген оқушыларды байқап отырдық. Жасөспірімдік шақ (10 жастан 15 жасқа дейін) балалықтан ересек жағдайға өтпелі кезең болып саналады. Баланың өмір жағдайы мен әрекеттері өзгереді, психикасының қалыптасуы жүреді, адамдармен қарым-қатынас жасаудың бұрынғы формалары жоғала бастайды. Оқу процесіндегі қызметінде олардың ой-өрісі аналитикалық (сараптамалық) сипатқа ие болады, белсенділік және өзіндік түрде ойлау, талқылау, салыстыру, терең қорытынды шығару мүмкіндіктері дамиды.

Жасөспірім шақтағы жеке тұлғаның қалыптасу ерекшеліктерінің ішінде рухани-адамгершілік танымның, үлкендікті сезінуін, өзінің іс-әрекеттерінде өзіндікке ұмтылуларының қалыптаса бастауын бөліп қарауға болады [11, 74]. Байқау әдісі келесіні анықтауға мүмкіндік берді: музейдегі экспозицияға белсенді қатысушылық бала дамуына, оның мінезінің қалыптасуына, тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің дамуына қалай ықпал еткенін анықтауға мүмкіндік берді. Арнайы жиын барысындағы музей экспонаттарын кеңінен қолдану барысында, біз мәселелік сұрақтарды қою жағдайында тығыз байланыс жасау мүмкіндігі орта сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігіне және олардың әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруға қандай әсер жасағаны байқалды.

Байқау әдісінен басқа үш түрлі сауалнама әдістері пайдаланылды: сұхбаттасу, сауалнама, пікірлесу. Сұхбаттасу әдісі оқушылармен жұмыс атқару барысында қолданды, бұл олардың музейлерге бару қызығушылығын анықтауға, сондай-ақ мектеп музейіне деген қатынасын, өздерінің осы іс-әрекеттерге деген маңызын және олар музейде жинақтаған тәжірибемен қандай перспективаларын байланыстыратынын анықтауға мүмкіндік берді. Пікірлесу әдісін біз өздерінің мектеп музейлерінде белсенді жұмыс атқаратын мұғалімдермен кездесу барысында қолдандық. Пікірлесу барысында оқытушылардың осы жұмысқа деген өзіндік қатысын, педагогикалық маңызын, мектеп музейлерінің оқушыларға ықпалын қалай бағалайтынын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Теорияны тәжірибемен ұштасу мақсатында арнайы түрде студенттер мен мектеп оқушыларын музей орталықтарына (М. Әуезов атындағы ОҚУ музейі экспозициясы, ТӨМ экспозициясы бөлімдері) апарып, көрсеткен болатынбыз.

Тарихи-өлкетану музейі аймақтағы өзіндік мол тарихы бар ірі мәдени-ағарту мекемесі. Тарихи-материалдық және рухани-мәдениет заттық құндылықтар жинақталған музей орталығына келушілер саны жылына 90 мыңнан асса, оларға 200-ден аса лекциялар оқылып, 1 мыңға жуық экскурсия, 100-ге жуық көпшілік іс-шаралар, тұрақты және жылжымалы көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Облыстың 15 мекемелік және 92 мектеп музейінің әдістемелік және тәжірибелік орталығы саналатын музей экспозициясы келушілердің, әсіресе жастардың аса қызығушылықпен тамашалайтын көрінісі. Қорында 105 мыңнан астам тарихи-мәдени жәдігерлер сақталған [12, 9] музейдің табиғат, тарих, археология және этнография бөлімдерінің экспозициясымен танысу барысында оқушылардың өлкетанулық негізде өз жеріне деген мақтанышты патриоттық сезімдері олардың әрбір экспонатқа үлкен көңіл аударғандарынан және қойған сұрақтарынан байқалды. Оңтүстік өлкенің жануарлар мен өсімдіктер әлемі, табиғатының алуан түрлі ерекшеліктері бейнеленген диораммалар, көрнекті экспозициядағы тарихи көне ескерткіштер, өткенде заманда өмір сүрген халықтардың (сақтар, үйсіндер, түркі халықтары, қазақтар) тұрмысы, өнері, діни нанымдары, тұрмыста пайдаланған құрал-жабдықтар, қарулар мен бұйымдары оқушыларға аттрактивті түрде қалай әсер еткенін «Музейдің заттық-кеңістік ортасын қабылдаудың ерекшеліктері мен оның патриоттық

негізде білім және тәрбие берудегі ықпалы» тақырыбындағы сауалнама жауаптарынан білеміз. Экскурсияға қатысқан 72 оқушының 12 %-і облыстық тарихи-өлкетану музейінде, 6%-і басқа мемлекет, қалалардағы музей орталықтарында бұрын болғанын, 34 %-і ТӨМ-ге келгенге дейін оңтүстік өлкесінің тарихы, мәдениеті туралы (жеке тарихи-этнографиялық деректер, археологиялық ескерткіштер және т.б.) білгендерін, 21%-і музейде таныс болған заттар, материалдар (жеке экспонаттар, фотоматериалдар және т.б.) бар екенін, 64 %-і музейде есте қалатындай қызықтарған немесе ұнаған нәрсе болғанын (жалпы құрылымы, ішкі кеңістік, экспозициядағы жәдігерлер), 86 %-і жаңадан біліп танысқан деректі мәліметтерді (тарих, мәдениет, өлкетану) алғандарын атап өтті. Сонымен бірге оқушылардың көпшілігі білім беру формасы ретіндегі экскурсияның келесідегідей көрсеткіштерін ерекше атап өткен:

- экскурсия уақыты шектеусіз, ешкімге асығудың керегі жоқ және экскурсанттардың қызығушылығы басым болғандықтан қазір қоңырау соғылады немесе сабақ аяқталып қалады деп ойламайды.


- кез келген уақытта түсіндірме жүргізу барысында сұрақтар қоюға болады және жан-жақты жауап алынады. Оқушылардың үлкен көңіл аударатыны экскурсия уақытында бір-бірімен жеңіл әсер бөлісуге болады.

- экскурсия іс-әрекет пен қарым-қатынас мәдениетіне үйретеді, ұлттық сана-сезімін, танымын дамытуға ықпал етеді, сонымен бірген туған өлкесінің тарихына, көрнекті тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына қызығушылықты арттырады.

- аталған білім беру түрі әрбір адамның шығармашылық зейінін дамытуға мүмкіндік береді. Ал оқушы ақпарат алуға қызығушылық танытады. Ол тек лекцияларда болатындай автоматты түрде жазып қана қоймайды, тыңдағанды құлағына құя отырып ой сүзгісінен өткізеді. Экскурсия аяқталысымен көрген материалдар бойынша ойланып, өзінің есіне сақтауға тырысады.

Экскурсия - жас буын өкілдеріне пайдалы, қызықты, ақпаратты тез қабылдау дәрежесін беретін білім және тәрбие беру процесінің арнайы түрдегі қызметі. Оқушылар үшін жүргізілген экскурсияның маңыздылығы № 1 - диаграммада көрсетілген.

Диаграмма - 1. Экскурсия маңыздылығы



Экскурсияны өткізу әдістемесінде орын алатын ерекшеліктеріне тоқталсақ:

1. Оқушылар ең алдымен, өлкенің тарихы және мәдениетіне назар аударып, өзіндік тарихи құбылыстарды ой елегінен өткізу тәсілінің табиғилығы мен тереңдігін атап өтеді.

2. Экскурсия жүргізушісінің әңгіме қисындығын атап өтеді, ол музей кешендерінің экспозициялық құрылымына және әр залдағы нақты әңгімелерге және тақырыптан-тақырыпқа дейін қисынды ауысымдарға сүйенеді.

3. Басым тыңдаушылар музей педагогының түсіндірген материалына жеке қызығушылығын атайды, себебі бұл қабілет экспозицияны қабылдауға әсер ететін маңызды психологиялық-педагогикалық фактор болып табылады.

4. Экспонаттар, мысалы этнографиялық бұйымдар мен қала тарихын әңгімелеуде, өзінің ғылыми-зерттеушілік жұмысын қоса айтуда экскурсанттарда танымдық және құрмет сезімдерін тудырады.

5. Оқушылар сонымен қатар музей педагогының аудиториямен тұрақты байланысын атап өтеді. Оның көтеріңкі көңіл-күйі оқытушылардың экскурсия барысында біршама тыныс алып, назарын аударуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ақпарат, білім, шығармашылық бүгінгі таңда стратегиялық ресурс болып табылады. Бүгінгі адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне жаңаша көзқарас керек. Қазіргі кезең әр түрлі көзқарастар мен пікірлер қиыншылығы кездесетін педагогика дамуының күрделі кезеңі. Адам тәрбиесі дұрыс болмайынша қоғамда әділеттілік пен қайырымдылық орнауы мүмкін емес. Бүкіл педагогика ғылымына батыл көзқарастарға иек артқан жаңа методологиялық жүйе негіздердің ұсынылуы қажет. Тәрбие білім реформасының маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс. Бүгінгі таңда екі мәселе аса өзекті болып табылуда: алдағы ұрпаққа орын алған өзгерістерге бейімделуге, ал кіші ұрпаққа өткен өмірді түсінуге және қабылдауға көмек беру.

Зерттеу мен тұжырымдарға қарай отырып музей кеңістігі шәкірттердің зейіні мен білімін нақтылай түседі, ал экспозицияға көңіл аудару таным дәрежесінде көрнекілік және эмоционалды түрде әсер етеді деп толық айтуға болады. Келешекте музей ісіндегі білімдік-тәрбиелік бағыттағы қызметтің маңызы және қазіргі музейлік педагогика ерекшеліктері терең зерттеулік талдауды қажет етеді. Осы арқылы еліміздегі тарихи-мәдени құндылықтарымызды танымдық тұрғыдан көрсете пайдалану керек. Оқушыларға патриоттық негізде тәрбие беру мәселесінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар оң нәтиже береді және олардың азаматтық болмысына, әлеуметтенуіне, шығармашылық қабілеттерінің артуына ықпалы үлкен. Сонымен зерттеу барысында мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: мектеп оқушыларының патриоттық қасиеттерін қалыптастыруда музейдегі экскурсия жүргізудің ықпалы үлкен, музейлік заттардың құндылық маңызын түсіндіріп танымдық негізде көрсету арқылы жас буын өкілдерінің тарихи зердесін ұштау олардың бос уақыттарын рухани қажеттілікке жұмсау, соның нәтижесінде девиантты мінез-құлыққа тосқауыл болатыны, оқушылардың теориялық білімдері мен зерделік қабілеттерінің арта түскендігі байқалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ушинский К.Д. Три элемента школы // Педагогические соч. В 6 т. Москва. Педагогика, 1988. С.177-194
2. Мағжан Жұмабаев. Педагогика (баланы тәрбия қылу жолдары). Алматы. «Рауан» 1992. Б.7
3. Кайназарова А.Е. Музейное дело в Казахстане /1831-1925 гг./ Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алма-Ата.1995
4. А.Ғ. Ибраева. Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы /1920-1940 жж./ Тарих

ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға даярланған диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 1999

5. С.Т. Тайман. Қазақстанда мұражай ісінің дамуы: тәжірибелері және проблемалары /1946-1970 жж./ Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға даярланған диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 1999

6. Санақұлова Б.К. Қазақстан Республикасындағы музейлік құрылыс және оның қызметі (1991-2004 жж.) Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу диссертацияның авторефераты. Орал, 2006

7. Музееведение. Музей исторического профиля: Учеб.пособие. Москва. Высш.школа. 1988. 273 с. С.157

8. Сотникова С.И. Музеология: Пособие для вузов. Москва. Дрофа, 2004. 180 с. С. 62-64.

9. Банэг К. Приобщение к современному искусству: совместные усилия сотрудников музея, учителей и школьников. // MUZEUM, 1984. С. 33-38

10. Вишина Г.В. Актуальные проблемы музейного педагога. // Ориентиры личности в условиях изменения социокультурной среды. Воронеж: Изд. Фонд культуры, 1996. С.82-85.

11. Столяров Б.А. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учеб.пособие. Москва. Высш.шк., 2004. 226 с. С.74

12. Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі Музей - құндылықтар ордасы. Шымкент 2018 Б.9.

Referens Liste:

1. Ushinskii K.D. Tri elementa shkoly // Pedagogicheskie soch. В 6 t. Moskva. Pedagogika, 1988. S.177-194

2. Magzhan Zhumabaev. Pidagogika (balany tarbiya kylu zholdary). Almaty. «Rauan» 1992. B.7

3. Kainazarova A.E. Muzeinoe delo v Kazakhstane /1831-1925 gg./ Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Alma-Ata.1995

4. A.G. Ibraeva. Kazakstanda murazhai zhuiesinin kalyptasuy /1920-1940 zhzh./ Tarikh gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin aluga daayrlangan dissertatsiaynyn kolzhazbasy. Almaty,1999

5. S.T. Taiman. Kazakstanda murazhai isinin damuy: tazhiribelepi zhane problemalary /1946-1970 zhzh./ Tarikh gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin aluga daayrlangan dissertatsiaynyn kolzhazbasy. Almaty,1999

6. Sanakulova B.K. Kazakstan Respublikasyndagy muzeilik kurylys zhane onyn kyzhmeti (1991-2004 zhzh.) Tarikh gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu dissertatsiaynyn avtoreferaty. Oral, 2006

7. Muzeevdenie. Muze istoricheskogo profilya: Ucheb.posobie. Moskva. Vyssh.shkola. 1988. 273 s. S.157

8. Sotnikova S.I. Muzzologiya: Posobie dlya vuzov. Moskva. Drofa, 2004. 180 s. S. 62-64.

9. Baneg K. Priobshenie k sovremennomu iskusstvu: sovmetstnye usiliyaa sotrudnikov muzeya, uchitelei i shkolnikov. // MUZEUM, 1984. S. 33-38.

10. Vishina G.V. Aktualnye problemy muzeinogo pedagoga. // Orientiry lichnosti v usloviyah izmeneniya sociokulturnoi sredy. Voronezh: Izd. Fond kultury, 1996. S.82-85.

11. Stolyarov B.A. Muzeinaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: Ucheb.posobie. Moskva. Vyssh.shk., 2004. 226 s. S.74

12. Turkistan oblystyky tarihi-olketanu muzeii Muzei - kundylyktar ordasy. Shymkent 2018 B. 9.

Жауапты автор туралы мәлімет (толық аты-жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы): **Қабыл Алғабек Әділбекұлы**, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Қазақстан тарихы» кафедрасы. Шымкент, Қазақстан 8 702 951 18 76, Algabek-kabyl@mail.ru